



ЖИЕНҒАЛИ

---


ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ

1





1  
1



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ  
БАҒЫНДАМАЛАРЫ

ЕРІ ТОМАН  
ІЛІМ АПАНАЛЫ ҚЫЯЛЫ

50-ҚАЗАҚ АСТАНА  
МЕМЛЕКЕТТІК ҰНВЕРСИТЕТІ  
К. ҚУЛМАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТОҒА  
ҰАТТЫҚ ҰНВЕРСИТЕТІ  
50-ҚАЗАҚ АСТАНА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРАЛІГІ

ЖИЕНФАЛИ

---

ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ

ЕКІ ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



# ЖИЕНҒАЛИ

---

# ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ

# 1

Әңгімелер,  
фельетондар,  
мақалалар



АЛМАТЫ АЛАШ 2005

ББК 84 Қаз 7

Т 93

“Алаш мұрасы” сериясының редакциялық алқасы:

М. Күл-Мұхаммед, Е. Қосубаев, Ф. Әнес, С. Қасқабасов,  
М. Қойгелдиев, З. Қабдолов, С. Қирабаев, К. Нұрпейіс, Р. Нұрғали.

Құрастырушылар — профессор Т. Көкішев, Ф. Ниязова, Н. Жиенғалиев.

Ғылыми түсініктерін жазып, баспаға өзірлеген — ф.ғ.к. Ғайша Мұхамбетқызы Ниязова.

## Тілепбергенов Ж.

Т 93 Шығармалар. 1-том. — Алматы, “Алаш”, 2005. —280-бет.

ISBN 9965-669-46-5

Алаш қайраткері Жиенғали Тілепбергенұлының (1895—1933) екі томдық шығармалар жинағының бұл бірінші томына оның ұзақ жыл архив қорларында жатқан қырыққа жуық қысқа өңгімесі мен ондаған фельетон, мақалалары топтастырылып отыр.

4702250200

Т \_\_\_\_\_ хабарландырусыз—2005

00(05)-05

ББК 84 қаз 7

ISBN 9965-669-46-5-(Т.1)

ISBN 9965-669-45-7

© Тілепбергенов Ж., 2005

© “Алаш” баспасы, 2005

## ӘҢГІМЕЛЕР

---

### ЖАЗҒЫ КӨШ

Жаңа ғана қолыма тиіп, әлі құмардан шықпаған тәтті бір нәрсемнен айрылып қалғандай болдым. «Молдеке! Жұртта қаласың ба?» деп әзілдеген дауыстан селк етіп оянып кеткенде мұрныма қоңыр салқын таң иісі келіп, құлағыма таң мезгілінде шырылдаған торғайдың даусы естілді. Көзімді бір сипап, ерініңкіреп көзімді ашсам белден оратылған көкөрай шалғынның үстіне, ержүгеннің қасына салынған төсекте екенмін. Сонда ғана жайлауға көшіп бара жатқанымыз есіме түсіп, екі күндей ат үстінде жүргенге шаршап қатты ұйықтап кеткенмін-ау деп ойладым. Басымды көтеріп алып жан-жағыма қарасам, боз ала таңмен аралас жапартармағай ауылдың бәрі жүктерін артып жатыр.

Біздің үйдің ар жағындағы Ерекең үйінің артып қойған шаңырақты түйесі ауып қалып, бақырып-шақырып Ерекең де: «Ой, мұрнынның әкесінің аузын... ие! Сен ит!» деп боктап, азан-қазан болып жатыр.

Мына жағымдағы үйде ақ білегін сыбанып, қыпша бели бұралып бір қыз бен бір келіншек жүк артып жүр. Ол үйдегі шешей де оны-мұны буып-түйіп, күйбендеп жүр. Ол үйде у-шу, бақырып-шақыру жоқ, тек қана түйеге комдағанда уық-керегенің бір-біріне соқтығып сартылдаған даусы ғана естіледі.

Мына жағыма қарасам жаңа ғана белгі беріп, сызылып таң атып келеді. Сол мезгілде түні бойы ел торып, көздері ілінбей, жолы болып келе жатқан жайсандардың алагеуім мезгілде ұйқы ашар үшін:

Таң сарғайып келеді,  
Сүрінбей атым желеді.  
Жұлдыз қашып тарарды,  
Ұйқым келіп  
Көзім ашып барады, —

деп айтқан сөздері ойыма түсіп кетті. Таң жақтағы кемердің бергі астында көкшіл тартып, мұнартып тұрған ойда белден шыққа

малынып көгорай шалғын шөптердің арасынан арқасы қылтылдап, қаптап жайылып жатқан қой. Қойлардың ішінде секіріп жүрген лак-қозы, анда-санда аузына толған шөбімен қарлығыңқырап «ба-ба-а-а!» деп қойлардың маңыраған даусы естіледі. Оның ар жағында қырдың үстінен анда-санда пысқырған даусы естіліп, кара құрымдай болып жылқы құлап келеді.

Мен тұрып, киініп болғанша барлық көш жөнеліп кетті. Тек жалғыз ғана шаңырақты түйесімен әлек болып Ерекең жүр. Жұртта атқа мінетін қарттар, өздеріне арналған ер-тұрмандары мен айт-тойда киетін киімдерін киіп қыздар, жігіттер жылқы келуін күтіп қалды. Жұрттың да кеше кешкідей көрінісі жоқ, әр жерде жапырылған шөптердің арасында оттың орнындағы күлдері, малдардың тезектері ғана көрінеді. Жылқы да келді. Махамбет бай жылқышыға ұрысып: «Енді бір-ақ күн ғой, бүгінше ұйықтамай-ақ қойсаң болмай ма? Қой әлдеқашан кетіп қалды, қозылар жатып қалған шығар», — деп барқылдап жүр. Кісі басына керек аттардың бәрі де ұсталды. Әуелі қыздар мен қойға баратындардың аттары ерттелді. Сонымен бірге байдың аты ерттелді, өйткені ел көшкенде қоймен бір жүретін әдеті екен. Біраздан кейін бәріміз де аттарымызды ерттеп мініп алып, көштің соңынан саулай жөнелдік. Сонда бір мырза маған:

— Молдеке, мынау Ужегеннің (ел түнеген сайдың аты) бойын жағалап құс-мұс болса шола жүрелік, — деген соң ерінбей бірге кеттім. Сайдың бойын жағалап жортып келеміз. Сайдағы ырғалып тұрған шалғындар тізенді қағып, ат тұяғы езген әр түрлі шөптердің иісі аңқып, астындағы ат желдей есіп, көңілің өсіп бір жасағандай боласын. Сайдан бұрылғанда көштің бүйірінен шықтық. Көшпен мал арасы жақындасып қалған екен. Оннан аса көштің бәрі қаз-қатар. Әрбір көште он шақты түйе теңделген. Алдыңғы түйеге кебеже тандап, қалауыш орап, бала-шаға мінгізілген. Екінші түйеге кереует артып, беліне қызыл ала кілемді кесесінен жауып, шамақтарын салбыратып жарастырып қойыпты. Үшінші түйеге жай жүк артып, текемет жауып, арқанмен тартып тастаған. Тағы бірінен соң бірі солай жарасқан. Ең соңғы түйеге шаңырақ артқан, оның ортасынан ошақтың үш бұты шығып тұр. Шапшаң түйелер бұйдасын іркіп, шалып оттап келеді. Әр көштің басын қызқырқындар атқа мініп тартып келеді. Үстіндегі кемпірлердің «Әйт! Әйт, шу-ден» басқа бітірері жоқ. Өңкей ақсақалдар көш бастап, жігіттер бір бөлек әзілдесіп, қыздар жорғаларына мініп, ер-тұрмандарымен жарасып келеді. Көштің оң жағында қаптаған жылқы, сол жағында — өрген қой маңырап, сиыр мөңіреп, шұбырып келеді. Біз де «көш көлікті болсын!» деп жетіп келдік.

Біраз жүрген соң көш басшылар қонаша қарауға озып кетті. Біздер көшпен бірге алдымыздағы қырдан асып, еңкеуге қарай құлай бергенде, айдыны жалтыраған көл көрінді. Айналасы шай-

қалған шалғын, толқын құсап тенселіп тұр. Құлпырған неше түрлі шөптер үріп жегендей болып өсіп-жетіп тұр. Кәлдің ішінде, шетіне жуық, айналасы шок-шок қамыс-қоға. Жалтыраған айдың үстінде жүзіп жүрген, шыпырлаған құстар. Аққу кикүлап, қаз қаңқылдап, басқа құстар өздерінше дауыс шығарып, төңірекке жан кіргізеді. Оның ар жағында мұнартқан көкшіл белес үстінен сағым жүріп, бұлдырап тұр.

Сол көлдің жанынан өтіп бара жатқанда сәске мезгілі еді. Күн де қаз бауыр бұлттың арасынан шығып ысытыңқырай бергенде, бір бүйірден тостағандай қара бұлт сіркіреп өтіп, күннің шағырмағын басып кетті. Көлдің кіндік сайынан өте бергенде маған бір-екі жігіт (біреуі — сол елдің жекжаты, барып тұрған сұркия, біреуі — ауыл мырзасы) келіп:

— Көк-Нұра, Бестау, Шаңқобызын анау, оған бүгін қол-аяғымызды созғызып, көңілімізді көтерсейші! Молда болсаң да заманың қатар жас көрінесің ғой, — деп қалжындай күлісті. «Жастымыз ғой» деп мен де, әйтеуір, молдасып керіліп тұрмайын дедім. Үшеуміз жолдық сұрауға топ қыздарға бардық. Менің қасымдағы жігіт қыздарға қарап: «Мына жігіт — суы басқа жердің баласы, бәріміздің қонағымыз еді, — деп мені көрсетті, — өне бойы басымыз мұндай қосыла бермейді, жолымды берсін дейді!» — деп тамағын кенеңкіреп сөйледі. Бір-екі қыз «біздің әзірлеп шыққан еш нәрсеміз жоқ еді» деген соң, біздер «өлең айтсаңыздар да болады, көңіл көтеруге бәрібір». Сонда әлгі екі қызкүлімсіреп, мойындарын ырғап қойып, таудан аққан бұлақтай сылдыратып ән салды. Екеуі қосылып өленді қоя берді.

Көшіп ауылым барады Шаңқобызға,  
Әлі жасым жеткен жоқ он тоғызға.  
Қосар болсаң, құдай-ау, жақсыға қос,  
Малын берген кетерміз бір доңызға!

Көрінеді сырты сұлу Көк-Нұраның  
Тілегін бермей, алла, қыз баланың?  
Өткізген емін-еркін ойнап-күліп,  
Тұрағы жоқ екен ғой адыраның!

Барады ауылым көшіп көл жағалап,  
Бозторғай шырылдайды көкке қарап.  
Қалалық осындайда қызмет етіп,  
Бұл дәурен әлі-ақ кетер күн-күн санап!...

Бұдан соң тағы бір топ қыздарға келдік. Олар кесте тіккен орамалдың бұрышына сақина түйіп берді. Бір жігіт: «Мүше! Мүше!» деп қолын көтеріп ала жөнелді. Сол мезгілде көшпін



қасындағы кісілер, үлкені-кішісіне қарамай, бәрі қуа жөнелді. Өне жерде сныр айдап келе жатқан бала да торы шолақ байталымен шаба жөнелгенде, тарпан байғал жапалақтан үркіп баланы түсіріп кетті. Үстіндегі жабуын бауырына алып қаша жөнелді.

Қонашаға жеткенше тағы бір топ қыздардан жолдық алып, жете жортумен болдық.

Сол калыппен қонашаға келіп те қалдық. Ақсақалдар өздерінің ескі жұрттарына, көгорайы калың жерлерге аттарын қаңтарып тастап, белден оратылған көк шалғынның ішінде күпілерін киіп, қолдарын арттарына ұстап, маң-маң басып жүр. Біздер қонашаның сыртындағы бір төмпешікке аттарды түйіп тастап, су бойына кетіп бара жатқанда «Сендер де біздер секілді аттарыңды жоғалтпа!» дегендей болып қызғыш, тау-құдырет, балықшы секілді құстар шулап, басымызға соғып кете жаздап жүрді.

Су маңына барып артымызға қарасак, ауыл қонып қалыпты, мал келіп ендеп кетіпті, үстіндегі қандаған үйдің киіздерін түсірместентүйелер оттап жүр. Шалғынның әр жерінен керегелер жайылып қалыпты. Шөптің биіктігінен керегенің жартысы ғана көрінеді. Балалар да топ-топ болып, су жағалап жұмыртқа іздеп жүр. Осы арада Абай ақынның өлеңі есіме түсті.

Қыз-келіншек үй тігер,  
Бұрала басып былқылдап.  
Ақ білегін сыбанып,  
Әзілдесіп сынқылдап.

Жайлауға көшудің осындай қуанышына жүзіп кеткендей сезіндік.

*1915 ж.*

## ҚАЛИЖАН ЖІГІТ

### I

— Әже, сандықтағы жаңа көйлегім мен иіс сабынымды алып қойшы! — деп Қалижан ішіп отырған шыны аяғын төңкеріп, сөскедегі шайды бола бергенде, есіктен жеңіл бешпет шалбаршан бір жігіт кіріп келіп, аяғын сүйреңкіреп басып келіп, мына жағына бір түкіріп қойып, төрдің алдындағы жүктің төменгі жағына жантая кетті. Қалижан артындағы келген жігітке қарап «шай іш!» дейін деп аузын ыңғайлай бергенде, мына жігіт алаканын жайып, иек қағып «тасташы!» деді. Қалижан:

— Ойбай, шырақ, дөңеңе жоқ, кеуіп жатыр, қайда өзі? — деп арқасына жамылып отырған шолақ бешпетінің жанқалтасын қарап бергенде, әлгі жігіт:

— Ой қойшы, жолаушы жүрейді деп, нағашысына барайын деп жатқан жігіттің насыбайы болмайтын ба еді? — деп күлді. Қалижан:

— Ол айтқанын дұрыс қой. Темекі бар еді-ау, укалағаным жоқ еді. Сен жалғыз нағашыға барғанды айтасын, онда құда бар ғой!.. — деп кеудесін көтеріңкіреп, ыржалақтап қойды. Жігіт:

— Біздің былтыр егін сала барған Жазықбай айтады ғой, сіздің нағашылардың тәуір қыздары бар екен. Енді сен біреуін ғана айналдырасың ғой! — деп бетін бір сипап, басын көтеріп алып, жанынан шақшасын алып, тағы жанғая кетіп, шақшасын жастық ағашқа қағып-қағып «мынаның ішінде ештеңе бар ма өзі?» — деп, алақанын дөптей бергенде, біздің Қалижан манағы сөзді бөлмей:

— Сен біреуін айналдыруды айтасын, ол ғана болар ғой, одан үлкенірегі болмаса, бір көріп, бір қонғанда-ақ сау бола қоймайтын ем, бұрынғы әдетім... — деп қаттырақ күліп жіберіп, жан-жағына бір-екі қарап, аяғындағы мәсісінін қонышын тартып қойды.

Ана жігіт сары мүйізден істелген имек шақшаның ағаш тығынын сұқ қолы мен ортан қолының арасынан қыстырып қойып, екі-үш қаққаннан кейін сол қолының алақанының ортасына аумақтылау кылып, қара қошқыл насыбайды үйіп қойып, оң қолының шынашағымен айналасын жинап-жинап отырып, шалқая беріп тілдің астына қағып қалып «түф-түф» деп бір-екі қайтара түкірініп қойып, мына жаққа қарап насыбайдың орнын үріп жіберіп: — Сен, насыбайыңнан беймесең де күнелтетін екеміз, — деп сақаулананқырап мұртынан күліп, ернін жымқырып, аузын томпайта қойды. Қалижан:

— Ой... бір атым насыбай тапқасын адамның көзін қызықтырып болдың ғой, тасташы бері! Менің де қолыма қарға тышар, — деп қызарыңқырап күлді.

— Елде қалған біздерге сенің нағашының қыздарынан не пайда? Көп болса сарқыт әкеліп бересің, — деп қарқ-қарқ күлді де, шақшаны тарс еткізіп тастай берді әлгі жігіт.

Қалижан насыбайды қағып-қағып аузына салып алды да, «жылқы келді білем» деп тұра жөнелді.

Әлгі жігіт шақшасын қалтасына салып:

— Ой, жыңды ененді ұрайын! — деп, үйден шықты.

## II

Қалижан атын ерттеп жатқанда ана үйден де, мына үйден де екі қолдарын арттарына ұстаған, үстеріне шолақ бешпеттерін ғана киіп, бастарына орамалдарын орап, іле тастап, аяқтарына кебістерін ғана киіп, бәрінің де шай ішіп болған қарқыны ма,

омырауларын есіктей қылып аңқитып, желпініп келе жатқан жігіттер, бозбалалар, жас баласын арқасына салып, енді бір баласын қолынан жетектеп, ақ көйлектерін шұбалаңдатып, аяқтарын маң-маң басып келе жатқан әйелдер де көрінді. Анау оқшаулау тұрған жалғыз үйден басында жаман бөркі бар, үстінде жаман қақпа шекпені бар, аяғында өкшесі бір жағына жамбастаған, қонышы жиырылып қатып, оның аржағындағы қусырған жерінен ескі шұлғауы шұбатылып жүрген жаман етігі бар, екі қолын артына ұстап имендей ұмтыла басып Тілеп те жетті. Ауылдың бала-шағасы да осы үйдің қасына жиналды. Бұлар өздерінің мында неге келгенін де білмейді. Бірсыпырасы үйдің жанында, бірсыпырасы есіктен қарап тұр еді.

Қысқасы, үйдің қасында жиналып тұрған қатын-қалаш, бала-шаға «немене» дегендей болып көрініп тұр еді.

Жас қатындардың: «Төрем қайда барайын деп жатыр» — дегендеріне, басқа адамдардың: «Ат ерттеп бір жаққа барайын деп жатырсың ба, жолын болсын!» дегендеріне бұның қайда барайын деп жатқаны айтылғасын бірсыпырасы: «Ие, жолың болсын!» деп, бірсыпырасы бұндай жолдаспен бірге аржақтағы егіндеріне баруға ойласа да, бұл күнде ол елдің жайлауға көшкен уақыты, әзір ертерек қой, біз кеткенше бірер жолдас шықпас деймісің деп қойып тұрды. Бүкірейген бір кемпір келіп: «Ие, нағашыларыңа барайын деп жатырсың ба? Нағашыларыңа сәлем айт!» деді. Тағы біреу келіп:

— Тұрсынға сәлем айт, менің бір жерім бар еді, жазғытұры өзім бара алмаған соң, айдап қойсын деп сәлем айтып жіберіп ем, айдап қойған екен. Жалғызіліктімін, тағы бара алатын емеспін, өздері орып, жиып қойсын деп айтты де, — деді. Тілеп келіп:

— Менің біреуге беріп жіберетін ақшам бар еді, тапсырасың ба? — деді.

Қалижан тапсыра алам ба, тапсыра алмаймын ба, деп ойға қалса да, өзімнің ақшам аз, бұрын бармаған жерлерге барам, біреу-міреуге қат болып қалармын, өзіме керек болар алайыншы деп ойлап:

— Ол кімге еді, тапсырайын, — деді,

— Сол жерде Түсіпдесен біледі, өзі құдандалы адам еді, ұяттау болып жүр. Бір тайөгіз еді. Соған балап он сом ақша беріп жібермекші болып қалып едім, — деп он сом ақшаны Тілеп жанына суырып берді. Қалижан қалтасына салды.

Тағы бір жігіт келіп:

— Жана жүрейін деп жатқаның ба? Мана емес пе еді жүрем деп ат ұстап жүргенін? — деді,

— Мана ұстасам да күн ыссы болғасын жүре алмай, енді салқын түсе жүрейін деп жатырмын, — деді Қалижан.

— Бүгін Қалман, Жолмандардікіне — қыздікіне қонасын-ау, — деп күлді әлгі жігіт.

— Ие, одан басқа қонаға жететін ауыл жоқ қой! Қыз солардың қайсысында еді әлі? — деді Қалижан жігіт.

— Білмейтін бе едін, Жолмандікінде ғой! Ретін тапсан, онша рет білмейтін жаман қыз емес дейді, — деп күбірлесіп аттын жанында сөйлесіп тұрғанда, бұлардың аттын жанында күбірлесіп тұрғанын естіп шешесі:

— Ау, жүрмейсін бе, күн кеш болып қалды ғой! — деді.

Бұлар үйге кіріп, Қалижан киімдерін киді. Айналасын жиектеген шапаны мен шекпенін киіп еді. Шешесі:

— Шидем күнің мен ескі бешпетінді де ала кет, күзді күні салқын болады, жұмыс істесең, мыналарыңның дымы қалмайды ғой! — деді. Басқа көп те сүйдеді.

Қалижан біраз ойланып: "Осы жолда да қонатын ауылдарым қыздың ауылы. Баратын жерлерде де тәуір қыздар бар дейді. Бір жылша дым істемесем де, бұларды киіп болмас, қырдан келген пайдашы құсамай, нағашыма барған кісі құсап жүрейін", — деп ойлап:

— Осы ыссыда қайдан артып жүрейін? Жұмыстың уақытында ондай киім табармын тағы, — деп ескі бешпеті мен шидем күпісін алмады. Сосын сусын ішіп, үйінен шығып атына мініп жүріп кетті, Әлгі жігіт: «Жолың болсын!» деп күліп қалды. Шешесі үйден жүгіре шығып:

— Кетіп қалғаны ма? Біздің үйдің ішгеріне сәлем айт! — деп қала берді. Әлгідей болмады ауылдың қарасы да көрінбей қала берді.

Біраз жүргесін, азырақ жалығыңқырап келе жатып көп ойға кетті. Осы кісі өз елінде қадірі болмай, бала құсап жүреді. Енді шет жерге барғанда үйтпейін деді. Сыпайы жігіттер құсап дәйекпен жүріп, баптап сөйлейін. Бөтен елде сүйтіп жүрсең, сол күйімен тәуір жігіт атанып кетуге де болады. Реті келгенде домбыра тартып, өлеңді де айта алам. Қалай тәуір жігіт болып қыздардың көзіне түспеймін... деп ойлап келе жатып, күнге бір қарап, күн кеш болып қалғасын атты бауырға салып жіберіп, әлгі ойына түсіп келе жатқан әндерді айқайлап салып жіберіп, жөнелді. Айдалада жалғыз келе жатып қазақ жігітінің салған әні жарасып кетіп, айдаланы жаңғырықтырып жіберді...

### III

Аузына насыбайын салып, атының қасында жантайып біраз жатты. Жұрттың мал жайлайтын уақыты болғандықтан, Қалижан қонаққа ешкім қарай қойған жоқ. Тек манағы келіп түскен уақыттағы жолығып біраз сөйлескен екі-үш жігіт болмаса.

Калижан: «Қас қарайып барады, атаңа нәлеттің үйі қонақ көрмеген бе? Өзі қашан шай-суын береді», — деп, асығып жатса да, сол үйдің есігінің алдында түйе шөгеріп жүрген бұраңдаған бұраң бел қызды көріп: — Маған қашан шай берсе де бәрібір; қайта кешірек бергені жақсы. Әйтеуір ана қыздың қолынан бір шай ішіп әзілдесіп, көңілімді байқатсам», — деп ойлап жатып: «Не деп қалжындап көңілімді байқатам? Кешке қалай барып оятам? Атты арқандап тастап, үйге жатып оятсам ба? Жок, аттын қасында сыртта жатып-ақ оятсам ба? Қой, күн жылы, жер қарада үйге жатып келіспес; үйінде Жолман да жок, барғанда ұстапалады деп қорқуға. Егер үйінің біреуі білсе де, басқа жаққа кетіп із тастауға болады. Айтқандай үйінде қорқатын еркек кісі жок, қатыннан кісі қорқа ма екен! Ия, қатынның аузына бір нәрсе тығармын; яки «қызды кім оятпайды, қымызды кім ішпейді?» деп те сөз тоқтата алам ғой.

Е. жаңа білдім, үйге жатып қана шамды сөндірісімен төсегімнен жылысып қана қыздың қойнына кіре қойсам, асықпай таң атқанша жатсам болады, біреуден сезіктенсем, қайтып төсегіме кіре қоярмын. Мен әлі кімнен сезіктенемін, қорқақтықтың өзі кісіге пайда бермейді-ау! Қорықпаса керек. Шешесі де ақылы бар болса, қызының біздер секілді қатар құрбысымен ойнағанына қуанбаса еш нәрсе демесе керек», — деп ойларға кетіп жатып, сөздің байлауын үйге жатуға ұйғарып, көңілі тынғандай болып жатқанда, жұрт малдарды жайластырды, қозы-лақтарды қойдан айырып, олардың да шулағандары басылып, басқа малдар да өз орындарына иіріліп, дауыстары тынып, құрт-құмырсқалардың шырылдап ызыңдаған дауыстары жеңе бастады. Күнбатыстағы қызыл да азайып, бір жерге жарығы жиналып жүдей бастады. Калижан да әлгі ойларын бір ыңғайлап қойғандай болып, көңілін тоқтағып неше түрлі құбылып шыққан құрт-құмырсқаның да дауыстарын тыңдап, қайран қалып жатқанда, бір бала келіп:

— Қонақ, үйге шақырып жатыр! — деді,

Калижан атын қаттырақ бекітті де, аузына насыбайын салып үйге келді. Үйге кірісімен-ақ шай әзірлеп жүрген қызды көріп: «Ойлағанымдай-ақ бар екен» деп көңілі бірден құлап кетіп: «Өзіміздің ауылдарда осындай бір сүйгенім болар ма еді»? — деп ойласа да, — жок, бұған да шүкір, нағашыма барғанда жолымда, олай-былай өткенде түсіп өтсем де болады, күздікүні қайтарда да келіп кетсем, әбден таныс болады ғой, — деп ойлады да, төрдің алдына барып, қамшысын керегенің көзіне қыстырып, отыра кетті. Әуелі қатынмен амандасты. Көрмей-ақ бір түрлі сыпайы қалыппен қызға қарап:

— «Амансыз ба!» — деп көкірегін кенеп, бет-аузын сипай бір қимылдап қойды. Аты-жөнін сұрасып, амандасып болған соң, шай келді. Калижан өзін-өзі аңдып, ауылдағы қалпыма түсіп

кетермін-ау, сыпайы жігіттерше отырайын, деп көп сөйлей қоймай, бір түрлі манызданып отырды. Бастап шайды ішіп жатқанда, сырттан бір қатын келіп, Қалижанға аман-сау айтты да, үйдің қатынынан барып ақырын сыбырлап:

— Қонағың кім, жекжат бірдене ме? Мана біздің үйдің артына келіп тұрып, сіздікін сұрап, қайта атына мініп кеткенге бірер жекжат шығар деп едік, — деді,

— Жок, не қылған жекжат? Бір жәрмес біреу тағы! — деп азырақ күлісті де шайға отырды.

\* \* \*

Жұрт жатты. Қалижан да шай ішіп отырғандағы қатындардың, жігіттердің ұтылап келемеждегенін ойлап қысылып, үйге жатуға бата алмай, ауылдың артындағы көк орайға атын арқандап, ертұрманның қасына жатты. Төсегінде жатып: «Қатындардікі, жігіттердікі дұрыс қадір білмегендік. Қыздікі не әлі. Оларға қосылып мазақтасқаны? Бұрынғы естуімше бұлай болмасқа керек еді... Е, жаңа білдім: аналарға сыр бермейін деп отырғаны екен ғой. Бәсе, бұндай демеуші еді ғой. Үйден шығарда көз қысып карағанымда, онша көңілсіз кісі секілді емес қой. Енді не де болса қазір барамын ғой. Есі-ақылы бар болса мені бос қайтармас-ау! Өзі де менің киімдерімнен, отырыс-тұрысымнан қандай кісі екенімді байқаған шығар-ау!» деп көп ойлап жатты.

Жұрттың бәрінің де оттары сөніп тынды. Барлық дүние тынып дем алғандай болды, ешбір қыбырлап жүрген жәндік жок, бәрі де тынған. Тек малдардың күйсеген дыбыстары, пырылдап ұйықтаған тыныстары бір-біріне қосылып, басқа дауыстарды жеңіп, жыңылдаған шегіртке дауыстарына қосылып дүниеге бір түрлі ажар беріп тұр еді. Осы әлсіз дыбыстар, аспанда жылтылдап әлсізденіп көрінген, жымындап күліп тұрған жұлдыздардың дауысы секілді еді. Сол барлық жәндіктің тыныштығын жалғыз өзі бұзғандай болып, Қалижан орнынан тұрып, Жолмандікіне карап жүрді. Жүрегі дүрсілдей соғып, көңіліне қорқу кіре бастады. Баяғы ұялтқандары есіне түсіп қорқуы арта түсті. Сөйтсе де осы менің қорқақтығым, ұялшақтығым ғой жұртқа күлкі болатыным. Қой, қорқуды қойып, реті келгенде жөн сөзімді айта алсам, жұрттың менде несі бар? деп ойлап жүрегі азырақ орнына түскендей болып батырланыңқырап барып үйге кірді. Барып қызбен керісіп жатқанда, шешесі оянып:

— Үйде жүрген бұ кім? — деп бажылдай бастаған соң, Қалижан:

— Кұдағи, мұнда бөтен көңілді кісі жок, жата бер! Жұмысымына құрбымда, — деді.

— Ойбай, мына жүзі қара не дейді? Шықшы шық! Шық

жылдам! Міндетсіп жүрген бұл кім өзі? — деп катын үмтылып жігітті қуып шықты.

Жұрттың көзіне көрінуден ұялып, атқа мініп таң атпай жүріп кетті. Тек атына мініп жатқанда:

— Не қылған көргенсіз ауыл. Жігіт көрмеген бе өздері? — деді.

*Көк-Нұра, 2 июль 1916 жс.*

## СӨЛЕМДЕСУ

Үрім-бұтақ, нәсілім, қаным, асылым қазақ балалары! Аман-есен елдеріне барып қайттындар ма? Міне, сендерге де екі жасар жас “Садақ” қол қусырып сәлем беріп тұр. Былтыр сендерден айрылғаннан бері менің денім сау, өзімнің ата мекенім қазақ жұртын аралап бойымды көтеріп, бір жасап қайттым. Көрген білгендерімнің бәрін бірдей алдарыңа салуға қаламым қысқа, тілім шолақтау. Жасаған денге саулық, ажалға сабыр берсе, қыс-тайі бәрін де алдарыңа салармын. Жүрген жерімнің күн батысы — Астархань — бөкейлік, қазақтың қазақтық туын тіккен жері; Қазақ атасы болған Жошы ханның туын тігіп, қоныс қылған жері — Алтын орданың жұрты. Күн шығысы — түү-түү Алтай, Тарбағатай таулары әуелгі Шыңғысханның көп мекеніне барып қайттым. Аркадан түү Ертіс дәмін татып қайттым. Құбыла жағы — Еділ-Жайық, Жем, Темір суларын татып, тіпті Түркістан бойларын кезіп қайттым. Олардың бәрін сендерге қазір айтпағанмен, оқушы сендер ерінбесеңдер мен айтармын-ау! Бірақ сендерден де осындай естіп-білгендерінді, былтырғы уәделерін бойынша жұрттың алдына салуларыңды тілеймін. Тек бұнда бір көрген түсімді ғана айтып өтем:

— Бір күні түсте қымызға қанып, таһарат алып, Орал тауы мен Алтай тауының арасындағы кен, жұмсақ төсекте ұйықтап жатыр екем. Тарбағатай тауының арасынан бір бөлек кісі көрінді. Әуелі басында шалмасы бар, қолында асасы бар, астында көк есегі бар ақсақалды бір шал келіп сәлем берді.

— Әлик сәлем! Ана сонындағыларың кім?

— Оларды соңынан айтармын! Әуелі мынау не? Бұны шеше аласын ба? — деп қолындағы бір түйінді көрсетті.

— Көппен ойласпасам, біле алмадым.

Арғына қарап қолын бұлғады. Бір әдемі қыз бен бір жігіт қол ұстасып келді. Үстеріне неше түрлі асыл киімдер киген. Қарауға адамның көзі тоятын емес. Екеуі де бірінен бірі өтеді. Біріне бірі жарасып, әзілдесіп келді. Екеуінің қолында екі түрлі жеміс бар, бір-бірлеп үзіп жеседі. Оның да не екенін адам білетін емес.

Әлгі қарт маған қарап күлімсіреп, аналарды көрсетіп:

— Бұлар кімдер? Танисың ба? Үстіндегілері неден істелген киімдер? Қолындағы жемістері қандай жеміс?

— Біле алмадым. Бұндайды көрген емеспін!

Тағы артына қарап қол бұлғады. Бір кемпір мен бір шал келді. Ол екеуі де қол ұстасқан. Иықтарына салған қоржындары бар. Келіп маған сәлем берді. Әлгі қарт аналарға қарап «Түгел ме?» деді. Сосын аналар қоржындарын ақтара бастады. Неше түрлі жеміс, азық-түлік толып тұр. — «Азырақ кебіңкіреген екен» дейді. Қайтадан жинап салып қойды.

— Бұл екеуі кімдер? Қоржындағылар не, білесің бе?

— Бұндай кісілерді де, бұндай азықтарды көрген емеспін. Бөтендермен ақылдаспасам.

Артына қарап тағы қолын бұлғады. Бір кебеже қарын, кен құрсақ үлкен семіз кісі келді. Қолында бір безбені бар. Арқасында тағы бір нәрсесі бар.

Бұл кісіге қарап қарап, әлгі қарт «Дұрыс па екен?» деді. Ол арқасындағысын алып, бір-бірлеп безбенге салып өлшей бастады. Болғасын қайта жинап: «Азырақ бір-біріне ауысайын деген екен жөнделім!» деді. Маған қарап:

— Бұ кісі кім? Безбені не? Арқасындағысы несі?

— Бұны да біле алмадым, өзің баяндамасан! Егер уақытын болса маған білдірсең екен!!!...

Маған қарап күліп қойды да:

— Осыны білмегенің бе? Ендеше саған айтайын:

— Бұлар былтырғы сенің іздеген материалдарың еді. Мынау қолымдағы түйме өзіннің иелерінің әуелгі қолданған неше түрлі жұмбақтары еді.

Мынау қыз бен жігіт — роман, яғни махаббат еді. Үстіндегі киімдер неше түрлі тасурлар еді, халық әдебиеті, бұрынғы қыз бен жігіттердің қолданған сыпаттары еді.

Мынау кемпір мен шал — неше түрлі ертегілер еді. Қоржындағылары халқыңа беретін азықтары еді. Бірақ көзір кебіңкіреген.

Мынау безбен тұтқан би неше түрлі мақал, тақпақтар еді. Осымен халықты өлшеп ұстап тұрады. Бірақ қазір халық бұзылыңқыраған.

Міне, осыларды саған беруге әкеліп едім. Һәм бұзылғандарды түзетерсіз! Бұрынғы қалпына келтір!, — деді де: «Мен үш мың жылдан бергі Қыдыр атаң...» деп көзден ғайып болды.

Ұшып тұрсам дәнеңе жоқ. Жалма-жан сендерге айтайын деп, оғымды кезеп алып, бері қарап ұштым...

1916 ж.



## «САДАҚТЫҢ» КӨРГЕНІ

### I

Өткен санда сендерге бір көрген түсімді баяндап ем. Сондағы үәдем бойынша біртіндеп көргендерімді алдарына салам.

Жазғытұры өздеріңнен айрылғасын, қыстан арып-талып арықтап шыққан бойым, қанатымды жайып, Орал тауынан асып, «Қайран туған жер, қайдасың?» деп қалықтап, ақырын ат мандйын түзедім. Жазғытұры, көктеменің кезі. Әр нәрсе де жаратқан иелерінің бергеніне тойынып, бір жасап, былтыр туған бала екі жасқа шыққан шағы. «Қашан өз мекеніме жетем?...» деп, күн-түн қатып жүріп, ұйқым келсе де, «Ала қыстай қаланың сасық иісімен кірленген жүрегінді мына ауамен тазартшы!..» дегендей, әдемі майда қоңыр самал желмен сұлулардың ұртындай, жас балатанның аузындай сары-қызыл болып, сызылып таң атты. Жасаған иенің бұл секілді беріп қойған байлығына қайран қалып, ұрттап ішіп тойынып, түні бойы басқаларды торып, аңдып, кірпік қақпай жана ғана табысқан жастарды «Асықпандар, ғашықтықтың дәмін татыңдар! Бұл дәурен бастарыңда тұрға бермес!» деп тербеткендей әдемі, ұйықтап жатқан халыққа «Тұрындар! Ұйқыларыңды ашыңдар, бұл қалыппен жата берсендер басқалардың тамағына түсіп жоқ болмайсыңдар ма?!..» дегендей зарлы, қысқа түнде табысып, таң атып қалғасын амалсыз айырылайын деп тұрған ғашықтардың көңіліндей мұңды бір дауыспен шырылдаған боз торғайға жаным ашып, жердегі жаңа ғана кәмететке жетейін деп келе жатқан алқаракөк кілемнің түгіндеі түрленген жасыл жас шөптердің басына меруерттей болып тізіліп, қайғылы сұлулардың жүрегінен еріксіз шыққан бір-екі тамшы көз жасындай домаланған шықтарды көріп қызығып, ұйқым ашылып кетті. Бір кезде көзімді сүртіп жіберіп, қыстауларынан шығып иіріліп отырған қазақ ауылдарын, желіде байлаулы жатқан таң күйсеуімен бырт-бырт күйсеп жатқан түйелерді көріп, қызық көріп төмен қарасам арқасында жамылған пальтосы бар, қасында құманы, ол да мен секілді жасағанның күдіретіне таңданып па, ұйқысын аша алмай ма, манаурап біреу тұр. Үнілінкіреп қарасам, көдімгі өзіміздің қысты күнгі айшай мәлім — Көрсеқызар. Көзіме оттай басылды. Тани кеттім. Қуанғанымнан көзімнен жас шығып кетті. Бұның хал-жайын біле кетейін деп және өзім де дем алайын деп сонда түсе кеттім. Оларға сыр бермейін делі ме білмеймін, мені онша танып, шұрқырай қойған жоқ. Дәрет алып, үйге кірді. Үйіндегі қарт дәреттеніп, екеуі намазға тұрды. Қоңыр салқын таңмен аралас мұң дауысты боз торғайға қосылып, түрлі махамға салып, әлхамға қосып, уәһуалла сүресін оқығанда,

адамның бойын балкытып жіберді. Намазды оқып болды. Төрдін алдында киімімен бүкірейіп қана жастыққа басын қойып қисайды. Қарт тұрып малдарын өргізуге кетті. Көп кідірмеді. Сыртта ыңырсып тұрған ботаның даусына шыдамай, үйінің кемпірі де тұрды. Күнкөтеріле үй ішінің бәрі де тұрды. Үйінің қызымен келіні тұрып самаурын қойды. Қыз шайды әзірледі.

Қарт сырттан келіп:

— Қарағым, молдекенді оят, ұйқысын ашсын! — деді.

Қыз барып ақырын ғана аяқ жағынан түртіп:

— Шай әзір болды! — деді. Біздің Көрсеқызар тұрып, көзін укалап, сыртқа шығып ұйқысын ашып келіп, жанадан төрт қабаттап салып қойған көрпенің үстіне отырды.

Шай келді. Жұрт шайға отырды. Бір-екі шыны шай ішкесін азырақ сөз қозғалып, бала оқыту жайы сөйленді. Біздің “Көрсеқызар” онша көп сөйлемейді сұраған сөзден басқа. Мен ішімнен: “Байғұстың басына жетімдік түскен екен, әй, медреседегі күндері-ай!” — деп қайғырсам да, әлгі қарттың зулатып соғып батырлардың, бұрынғы шешен билердің сөздерін айтып отырғанда, іздегені табылып, енбегі қайтады екен, — дедім.

Қарт анда-санда:

— Молдекеңе шайды қызыл қылып күй! — деп қояды. Көрсеқызар:

— Ішіп болдым, — деп шыны аяғын төңкергенде:

— Қаланның наны жоқ болғасын ішпедің бе? — деп қалжындады. Шай болғасын Көрсеқызар сыртқа шығып, үйдің артындағы төбенің басына шығып тұрғанда, анау үйден бір бұрандаған періште шығып қолына ұршығын алып, есігінің алдында мынаған қарап тұрды. Мен де оны көріп: “Ие, біздің Көрсеқызардың да жабыққанда әзілдесіп, көнілін көтеретін құрбысы бар екен ғой” деп аттанып кеттім.

Екінші рет жолым түсіп үстінен өткенде бір ай шамасы болған шығар, кешкіде үйдің жанында тұрып, екі қолы қалтасында, аузында шылым, баяғыдай үстінде ұзын киімі жоқ, шашын шалқасынан тастап, бұлаңдап жүргенін көріп, тағы таң кезіп қалықтап жүріп (көп уақыт материал үшін түнгі тәтті ұйқыны тастап, таң кезіп жүретін ем) үстінен өткенде, баяғы қарсыдағы үйдің артында баяғы бұранбелмен құшақтасып тұрып: “Мені өлімге айдаса да, ұмытпаспын, шыбын жаным кеудемде болса, бұл сапарда ойлағанымыз болмағанмен, ат-ізімді бір салармын, жаным!..” дегендерін естіп:

— Е, бұл өзі үшін материал жинап жүр екен ғой! — деп қуана-қуана жүріп кеттім.

1916 ж.

## ЖҰМАҒАЗЫ ХАН

*1916 жыл оқиғасы,  
(Сол сарбазды болған  
бір-екі мінбесілардың айтуымен жаздым)*

### Көтеріліс басы жарлық

Осы күнгі Шалқар уезінің Қарабұтақ болысы, бұрынғы Ырғыз уезі Бақсайыс, Талдық, Белкопа, Темір астау болыстары еді. Кіші жүз Әлімінің төртқара деген руы болды.

1916 жылғы жігіт алынатын патшаның жарлығы июннің аяғында сап ете қалды.

Жұрт шошып кетті, сілтідей тынды, үйезни нашандік үйелдің біріне болыстарды, ақсақалдарды Ырғызға шақырды. Барды. Үйез патша жарлығын естірді. Ел толқыды, көнгісі келмеді. Болыстар қалала қалып, жұрт таралды, болыстарға 2 ай сентябірдің басына дейін елді үгіттеп көндіруге болыстардан мөрін бастырып, патпеске алған. Сол сапарда Бақсайыстың болысы Біралы Жүсіпұлы алдымен жігіт берем деп ояздан “алтын қалпақ” награда алған. 2 ай бойына ел дағдарды, састы. Былай көшті, былай көшті, патша түсіп көрінен қайтты деп, сүйінші де сұрасты, өтірік болып шықты. Жігіттер сендей соғылысып, 10—15-тен топталып ат үстінде жүрді. Бақсайыс әлі нагрет алып келген болысымен өш бола бастады. Аяғында ел: өлмей адам бермейміз, осы ел ішінде-ақ өліп қаламыз деген ниетке мінді, құрмалдық шалды. Сентябрь такалып қалды. Елдің сыңайын көріп, Бақсайыстың болысы Біралы қасына: Ешжан ұлы Байшолақ, Игілік ұлы Қораз. Шоңқы ұлы Қанатбай, Елеш ұлы Нұрмағамбет деген байларды, шабары Тұрғанұлы Сарыны ертіп сентябірге 5 күн қалғанда «ел жігіт беретін емес, қайтеміз» деп Жармолаға (Ырғызға) кетті.

### Қан сайлау

Ел бұрынғыдан жаман ауалана бастады. Шаруалық адыра қалды. Бақсайыс болысының 3-інші ауыл азаматы Жүрген ұлы Жұмағазы батыр, ер жігіт еді. Алмағаны, баласы да жоқ. Ауаланып жүргенжігіттер 100 қаралы кісі келіп, соған ақылдасты: “Сендер үшін, ел үшін басымды өлімге байладым”, - деп, Үймола деген жерге өгіз сойып, ақылдасуға ауыл ақсақалдарын шақырды.

Ақсақалдар жиналып келіп, Жұмағазыны киізге көтеріп, хан сайлап батасын берісті. “Патшаның салдаты қырылып таусылды, бүгінде өнкей салдат болып жүрген әйелдер көрінеді” деп үгіттеді.

Баяғыда, “Қазақты орысқа бағындырмаймын” деп орыспен

соғыскандағы Орақ батырдың сарала туын ешкі сойып, қанына малып көтерді.

Бұл ту Орақ ұлы Баймағамбеттің үйінен табылды. Бес күнде 500 кісі жиналды, 5 кісіден ханға ақылгөй уәзір сайланды, олар

- 1) Бисақал ұлы Төлеген
- 2) Сұлтан ұлы Тілеуберген
- 3) Үкібай ұлы Балшықбай
- 4) Ниеталы ұлы Ыдырыс
- 5) Қожамұрат ұлы Сәми

Жаушылары: 1) Жұбаниязы ұлы Айдарлы қожа, 2) Ниеталы ұлы Ыдырыс, Тілеп ұлы Нияз хан атасы болып сайланды.

Бұларға жалғасы мыңбасы, жүзбасылар сайланды. 10 жігіт бір қостанып, қос тігіп күніге біреуі үйінен бір тоқтыданазық әкелді. Атты, киімді әркімөзі тапты. Жұрттың бәрі шатыр тігіп, ханға өз алдына шатыр тігілді. Жоламан ұлы Боқан деген ұстаны алдырып, кісі басына шашақты найза соқтырылды, балта соқтырылды. Табылған мылтық оңдалды. Ел-елге ат шаптырып, кісі салды.

### Аттану

Бақсайыстың болысы Ырғыздан қайтты, ақылына келіп, садақа қылып, жігіт берем деп жатыр деген хабарды естіп, сентябрдің 5-і күні 75 жігітті ешкі өлтіріп, найза қандап, аттандырып, бұған 3 кісіні 1) Қобжан ұлы Оспан 2) Ниеталы ұлы Ыдырыс, 3) Ожан ұлы Арманды басшы қылып, хан бұйрық берді:

— Болыс жігіт берем деуді қойсын, іспескесін отқа жағып, алған нагретін алып келіп, басын иіп берілсін, болмаса өлтіріп келіндер, — деп жазылған.

Аттанған сарбаз ауылға барып, болыс Біралыны ұстап алып шығып хан жарлығын естірді.

— Мен істерімді істедім, орысқа қарсы бола алмайым, — деп Біралы қасарды. Жігіттер өлтіруге ыңғайланғанда қара атпен болыс ұра жөнелді. Құлымбет ұлы Баймағамбет қуып жетіп ұстап, өлтіріп, өртеп жібереді. Сондағы Біралының қызынын жоқтайтыны ғой:

“Жұмағазы деген хан шықты,  
Төлеген деген паң шықты,  
Есіктен келіп атқанда.  
Жан көкемнен жан шықты...” —

деп.

Болыс өлген хабарды естіп: 1) Есжан ұлы Байшолак, 2) Қораз Кеншімбай ұлы, 3) Шонқа ұлы Қанатбай, 4) Кенже ұлы Қонақбай деген байлар Ырғызға қашты. Хан-Көшек ұлдары Досалы.

Бисеналы және та Қартнамбет ұлы Сұңғызбай орысынан жәрдем сұрауға Ақтөбе кетті. Ханның үстінен арыз қылып, ханға қарсы орыстан салдат сұрады. Сентябірдің аяқ кезі еді, 80 салдат шығайын деп жатыр деген де хабар келді. Сол хабарды есітіп, сарбаз қашқан байлардан 250 ат алды. Сол кезде Белкопа болысынан қосылып сарбаз мыңға жетті.

### **Кіші хан Сисекен**

Тұлдық пен Темір — астау болыстарының жігіттері Жұмағазы хан болып, сарбаз жиналыпты дегенді естіп, ауаланып жүргенде, Торғайда “Әбдіхапар ұлы хан болыпты” деген хабарды Жангелдин келіп айтып кетті. Сонсын жұрт көтеріліп: “Өз алдымызға хан сайлаймыз ба?” —деп Жұмағазыға кісі жіберді. Жұмағазы хан 10 кісі мен Төлеген деген уез уәзірін жіберіп, Сейсекен Тілеген ұлын кіші хан сайлады. Үлкен Жұмағазы ханға бағынатын болды. Бұның да ішкі құрылысы Жұмағазыныкіндей болды. Сисекен хан сентябірдің 20-сында сайланып, көп ұзамай сарбазы 1500 кісі болды. Бұлар елден аулақ Қакпактас деген жерде жатты. Елден ұстаны, мергенді, етікшіні еріксіз алды.

### **Үкімет әскерімен соғыс**

Сөйтіп жатқанда 80 орыс салдатының келіп қалған хабары келді. Бұл патша әскерін хан Көшек ұлдары бастап Бөгет деген жерге келгесін, Жұмағазы хан сарбаздан саралап, 500 кісіні аттандырды. Бұған бастық қылып Балшықбай ұлы Салқайды жіберді. Сарбаз Белкопаға келгенде, орыс әскері Қаракұдық деген жерге бекінген. Жақындағанда тұман түсіп, күн кеш болды. Бір қоян қуып келе жатып, байкамай, орыс әскерімен қоян-қолтық араласып кетті. Тарс-тұрс мылтық сарт та сұрт соғысып келіп қалды. Сарбаз бастығы Балшықбай ұлы окка ұшты, тағы бір кісі өлді. 4 ат өлді. Орыстан 2 кісі өлді. 4 ат арбаларымен, киім-кешектерімен қолда қалып, орыстар қашып құтылып кетті.

### **Қарабұтақты алу**

Сарбаз сол сапарда барып Қарабұтақ қаласын алды. Халқы патша бағынды. Телеграмма, телефон сықылдылар қиратылып пестілі. Сөйтіп, үкіметтің қатынасын үзді. Сол сапарда тағы Белкопа болысының пестірі Метіри деген орысты Ырғызға қашып баратқан жерінен қуып, ұстап өлтірді.

Сарбаз қайтып барып, далада қосында жата берді. Ел басына қауіп-қатер күшейді. Сонда сарбаз жігіттерінің жырлайтыны ғой:

Есіктің алды қия тас,  
Қиын екен бауырлас.  
“Патша, салдат” дегенде,  
У болады ішкен ас.

Қаратаудың қабағы  
Бауырында ойнар жабағы;  
Елде қалған кемпір-шал  
Әлдекімнің тамағы?!

Есіктің алды жас қайын  
Жапырағын баспайын,  
Алыс жолға кеткенде,  
Балалықты тастайын.

Қарабұтақ жайласан,  
Сазына бие байласан,  
Ой-кой, дәурен, күндер-ай!  
Бұрынғыдай ойнасан.

Қара судың қабағы  
Бегінде ойнар шабағы  
Күншілік жерден көрінген  
Күнсұлу жанның тамағы...” деп.

### Үкімет әскерімен екінші соғыс

Октябрдің аяқ кезінде Ақтөбеден 1000 солдатқа бас болып, Хан-Көшек балдары келеді деген тағы хабар келді. Ол кезде Жұмағазы жан-жаққа ат шаптырып хабар таратты. Сейсен ханның баласы Бүркіталы Сисекенұлы бас болып 1000 кісі, Қызылжар болысындағы Тайшым ханнан 2 бұттық темір шокпарлы Кемпір батыр бастаған 200 кісі келді. Сөйтіп, барлығы 4200 кісі болып, сарала туы салбырап, Үймоладан Жұмағазы хан орысқа қарай аттанды. Сарбаздың мың басылары 1) Ниеталы ұлы Жүгініс, 2) Жанкуаты ұлы Қуандық, 3) Бисақал ұлы Төлеген, 4) Сисекен ұлы Бүркіталы. Батыры — Шокпарлы батыр атанған Кемпір батыр.

Сарбаз жауға аттанып келе жатқанда, ақылгөйлердің: “Қоян көрсен аулама! Бұрынғыдай шулама! Қаранғыда какырма! “Ат мыңдалап” шақырма! Атты, атыңнан айырылма! Аты қашып кеткенде, атың болса, қайырылма” деген үкім өлендері екен.

Ақтөбеден шыққан мың салдат бастығы Нестіріп деген уезнай начальник екен. Орыс әскері Бөгеттен шығып, қазақ сарбазы Белқопадан шығып, екі жақ Қарақұдық деген жерде түйісті.

Қазақ сарбазы орыс әскерін айнала қамап алған. Сол кезде Кемпір батыр қолында шокпары, үстінде сауыт, жалаңаш, жалғыз өзі жекпе-жекке шықты. Орыстан ешкім шыға алмады. Сонда нишандік “Япырмау, мынау қай жұрттың адамы, қазақтың бәрі мұндай бола берсе, орысты қоймас...” деген ғой.

Орыс әскер қорқып, “қашамыз” да деген. Мылтықтарын тастап қол да көтерген, берілмекші де болған. Бірақ ішіндегі қазақтар “Қазақта мылтық жоқ, адамын өлтірсең қашады” деп, дәтке қуат беріп, атыстырған. Не керек ел 3 күн ұдайынан соғысқан. Орыс әскері бір жерге топталып алып, зеңбірек демей, мылтық демей ата береді. Қазақта ондай құрал жоқ. Түтеп тұрған оққа қарсы шауып қазақтың талай батыры өлді. Үш күн қамаулы тұрып, қазақ сарбазы шегінді. Қазақтан он алты кісі өлді (тізесіне сонда оқ тиген Ниеталы ұлы Жүгініс, осы күні Ақтөбеде) орыстан 4 кісі өлді. Орыс әскері сарбаз шегінгесін, қазақтың қыстауларын өртеп, елін талай бастады.

### Сарбаз таралуы

Орыс әскері Қарабұтаққа келді. Ел талана бастады. Былай-былай көшіп үріксе де, қыс бекініп кетіп, ешқайда бара алмады. Елі таланып жатқасын ханның айтқанын тыңдамай сарбаз ауыл-ауылына тарала бастады. Сонсын декабір ішінде, Қарабұтақтан әскер шығып, елден хандарды, сарбаз бастықтарын ұстай бастады. Барлығы 15 кісі ұсталып лабақтыға салынды. Байлар салдат алып шығып, сарбазға барған жігіттердің үйін талай бастады, баяғы сарбаз жатқан Үймола деген жер қашып кеткен байлардікі еді. Отынға орылып жағылған қарағанның бір сыпыртқысы үшін Хан Қошек ұлдары бір қойдан төлеу алды. Әлгі ұсталған көтеріліс басылар Қарабұтаққа он күн жатып, Ақтөбе айдалып, одан Орынбор айдалып барып, февраль төңкерісінде босанды.

Үйлері, малдары талауға кетті.

*1926 жыл*

### ЖАУАПСЫЗ ХАТ

Құшжан кенседен күндегісінен ерте қайтты. Қолындағы шапқасын столға қоя салды да, басындағы бір жапырақ селдір орамалын шешіп, төсек үстіне тастай берді. Бөлменің ана басына бір, мына басына бір барып, олай-бұлай асыға-үсіге жүрді де, стол үстіндегі кітаптарын жинастырып, чемоданына кірлерін бөле бастады. Өзі көңілді, ыңылдап ән салып жүр.

Құшжанның күндегісінен ерте келгенін әрі жиналып, асығып жүргенін көріп, сол үйдің қатыны Нәзім келіп:

— Қарағым, бүгін неғып ерте келдің, тамақ дайын болған жоқ еді, — деді.

— Тамақтың дайын болмағанына қиналмай-ақ қой, жеңгей. Мен қазір елге шығайын деп жатырмын. Төрт-бес күн жүріп келетін болған соң жинастырып кетейін деп, әрі киетін көйлек-көншегімді бөліп алайын деп асығып жатырмын, — деді.

Нәзім жеңгей одан арғысына барған жоқ, елге неге шығатынын тексерген жоқ. Өйткені, бұл үй — Күнжанның жатқан пәтері. Күнжан бұдан бұрын да талай науқандар үстінде елге командировкаға шығып келіп жүрген. Сондықтан Күнжанның “елге шығайын деп жатырмын” деген сөзі кісі тексергендей таңсық емес еді, дағдылы сөз еді.

Күнжан сонша көңілденіп, жүруге асығып жатқанда, есіктен кірген бала, қарқынын қайтарып тастады:

— Апай, Сағатов “бүгін жүре алмайтын болдык. Ертең ерте жүреміз соны айтып кел”, — деп жіберіп еді деп, есіктен қайта шығып кетті. Күнжан оған пәлендей қайғырмаса да, бір түрлі мұқалып қалғандай болды, асығып жинап жатқан нәрселерін ақырындап тоқтата қойды.

“Баратын жерге түнделетіп жеткеннен, ертең ерте жүрген жақсы” деп өзінен-өзі сөйлеп қойды.

Қысқарып салқындай бастаған күннің шуақ сәулесі пәтердің батыс жағындағы терезеден күле қарап, үйдің ішін ажарландыра бастады. Нәзім жеңгей столға тамақты даярлап, үй-ішімен бірге Күнжан да тамаққа отыра бастағанда, райкомның күзетшісі есіктен кіріп, Күнжанға бір хат берді. Кішкене көк конверт онша тоқ емес, ішіндегі жүгі тым аз сияқты. Хатты алғанда шешесінен келген шығар, яки ұзатылған апасынан келген шығар, я оқуға кеткен сіндісінен шығар деп ойлап қуанып кетті, хаттың адресіне, олай-бұлай сыртына қарап еді, ондай жерден келгендігін көрсететін белгі көрінбеді. Ол түгіл жапсырған марка, басылған мөрі де жоқ. Хат алушыға ішін ашпай қайдан келгенін болжаудың өзі — зор қуанышты әдет. Ондай етіп болжайтын дерек болмаған соң, хатты алғандағы көңілі бәсеңдеп қалды. Нәзім жеңгейдің:

— Қарағым, тамағыңды іш, суып кетер, хатты соңынан оқырсың, — дегеніне де қараған жоқ. Хатты жырта бастады. Қалта қағаздың ішінен бір жапырақ қана қарындашпен жазылған хат шықты.

Сол кезде терезенің алдындағы шок ағаштың тасасына түсті ме, әлде бұлт басты ма? Терезеден түскен күннің сәулесі де жоғалып, үй-іші күңгірттеніп кетті. Тарелкаға жаңа құйған сорпаның да бұрқыраған буы бәсеңсіп, салқындай бастағаны байқалады.

Хатқа көзі түскенде, Күнжанның көзі күңгірттеніп, қабағы жабылып, бетінің қаны қашып, түсі өзгеріп кетті. Көзімен бір-